

ЭОЖ 654.191

К. Қабылғазина

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru

Ұлтаралық интеграция – даму кепілі

Мақалада Қазақстан мемлекетінің қысқа тарихи мерзімде әлемдегі аса қарқынды дамушы елдер қатарына қосылып отырғандығы жөнінде сараптама жасалады. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың да белсенді мүшесіне айналғандығы, қоғамда мемлекетаралық ықпалдастық, әріптестік, достық жағдайлардың сипат алуы еларалық бірлесудің ықпалы екендігі сараланады. Қоғамдық интеграцияны жүзеге асырудың, ынтымақтастықтың маңызына баға беріледі.

Түйін сөздер: интеграция, қарқынды даму, ықпалдастық.

K. Kabylgazina

Interethnic Integration – key to development

In article is given the analysis that Kazakhstan in short historical term joined to the ranks of quickly developed countries. Kazakhstan became active body of the international community and influential between the countries and also strengthened friendship, the partnership and it is the highest analysis of influences of the international communities. The assessment is given for the importance of an unification and actuating of integration in society.

Keywords: integration, active development, interaction.

К. Кабылғазина

Межнациональная интеграция – залог развития

В статье делается анализ о том, что Казахстан в короткий исторический срок вступил в ряды быстро развивающихся стран. Казахстан стал активным органом международного сообщества и влиятельным между странами, укрепил дружбу, партнерство, и это является высшим анализом влияний международных сообществ. Дана оценка значимости единения и приведения в действие интеграций в обществе.

Ключевые слова: интеграция, активное развитие, взаимодействие.

Қысқа тарихи мерзімде Қазақстан әлемдегі аса қарқынды дамушы елдер қатарына қосылып отыр. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың да белсенді мүшесіне айналды. Қазіргі қоғамда мемлекетаралық ықпалдастық, әріптестік, достық жағдайлар сипат ала бастады. Осы тұста қоғамдық интеграцияны жүзеге асырудың, ынтымақтастықтың маңызы күн санап артауда. Бұрынғы Кеңес одағы тұсында Қазақстан интеграциялық үдерістерден тыс қалды. Өйткені жабық жүргізілген саясат республикадан тыс болып жатқан ақпараттарға жол ашпады. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген бір ғана идеологияның әсерінен мемлекет жан-жақты

дамудан шет қалды. Кейіннен Кеңес одағы ыдырап, мемлекетіміз тәуелсіздік алған соң барып қана басқа дамыған мемлекеттер өміріне көз тігіп, халқының әлеуметтік жағдайы жоғары болып отырған елдерге зер сала бастадық. Өмірдің, заманның беталысын жіті байқаған Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еуропалық интеграцияға және түркі тілдес елдер қоғамдастығына баса назар аударды.

Қазақстан егемендік алған соң ең ауыр қиындықтарға тап болды. Ол – халықтың тұрмысы мен көңіл-күйіне тікелей әсері бар экономика саласында туды. Халықтың тарихи санасында болмаған нарықтық жолға түстік. Экономиканы

ырықтандыру, қоғамдық мүлікті жекешелендіру, колхоздар мен совхоздарды тарату процесі бас-талды. Бағаға шек қойылмай, хаосты жағдайға жетті. Нәтижесінде бұрынғы қалыптасқан шаруашылық жүйесінің 40 пайызына дейін жоғалып кетті. Ауылда да, қалада да халықтың тұрмысы күрт төмендеді, жұмыссыздық жай-лады. Әрбір заттың бағасы он-жүз еселеп өсті. Жұмыссыздықтың аяғы қылмыстық әрекеттерге апарды. Өз ішімізде, басқа да елдермен қалыптасқан экономикалық байланыс үзілді, көптеген кәсіпорындар жұмысын тоқтатты немесе жартылай ғана жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұндай күйге қазақстандықтар неге түсті деген сұрақ туады. Одақ тарау барысында кеңестік идеология құлаған соң, сол идеологияға негізделген экономика да құлаудың алдында тұрды. Өйткені Қазақстанда шығатын заттың әр бөлшегі әр жақтан әкелінетін, өнімді шығару үшін бірі болса бірі болмай қалатын жағдайда тұрдық. Экономика саласында жалғыз бізге ғана емес, басқаларға да күйреу қаупі туды. Оған қоса нарық экономикасы бізге жат құбылыс болатын. Оның қыр-сырын білетін мамандар да жоқ еді. Халық қорқа қарады. Және де басымыздан өтіп жатқан тарихи формация да қолайлы болмады. Әлем тарихында капитализмнен социализмге өткен елдердің тәжірибесі бар, ал кері қайтқан, социализмнен капитализмге түскен ел болған жоқ, ол осы егемендік алған елдер еді. Оған әлемдік тәжірибе куә. Бұрында «біз феода-лизмнен бірден капитализмді аттап социализм-ге өткен елміз» деп біздерді кеңес мектебінде оқытатын еді. Енді тағы сондай келелі өзгерісті бастан кешіріп отырған қазақ халқы да нағыз то-лерантты халық екенін көрсете білді.

Нарық жолына түсуге бет бұрған елдер-ге халықаралық ұйымдардың жәрдемі көп көмектесті. Халықаралық валюта қорының, Бүкіләлемдік банктің миссионерлік рөлі ерек-ше болған еді. Олар Қазақстанның бола-шағына сеніммен қарады. Ал Қазақстан болса халықаралық қауымдастыққа өзінің бей-бітсүйгіш ел екенін, басқа елдермен ашық әрі өзара тиімді саяси, экономикалық қатынастарға дайын екендігін, өз елінде ұлтаралық келісім мен ішкі ұлттық бірлігін сақтай білетіндігін, демократиялық даму жолының туын берік ұстаған, әлем қорындағы парасат пен құндылықтарды жоғары бағалап қана қоймай, оларды дамытуға ат салысатын ел екендігін көрсете білді. Әсіресе

Қазақстан ашық демократиялық қоғам құрып жатқан ел бола білгендігіне олардың көзін жеткізе алды. Соның арқасында тәуелсіздік жылдарында елімізге 120 млрд. доллардан астам инвестиция келген екен. ТМД елдері бойынша бұл ең үлкен көрсеткіш екендігін бұқаралық ақпарат құралдары жазды. Дербес ел, мемлекет, халық болып, әлем елдерінің көшінің соңында жүре бермей, қайта сол елдермен терезесі тең ел болу үшін ел басшысы-ның әр жылғы халыққа жолдауы арналды. Соның нәтижесінде, ел бірлігінің арқасында 170-тен астам мемлекеттермен экономикалық, мәдени, ру-хани байланыстар орнады. Осы тұрғыда аса маңыз беретін мәселе – түркі тілдес халықтардың ин-теграциясына жол ашылды.

Түбі бір түркі ағайындар қай кезеңде де ағайыншылықтарын жоғалтқан емес. Сол пікірге куә бір оқиғаны еске алудың реті келген-дей. Түріктердің тамаша демалыс орындарының бірі – Бодрумда демалудың сәті түсті. Туыстас елдің тұрмыс-тіршілігіне еуродәстүр мысқал-дап ене бастағандай. Есіктен кіргеннен ағыл-шынша қарсы алып, басқа бір әлемге енгізіп жібергендей болды. Алайда келген қонақтарға ілтипат қолыңдағы жүгінді ала салғаннан бас-тап жүріп береді. Тамаша бөлмелер, кіршіксіз тазалық, жайылып жастық, иіліп төсек болып тұрған қызметшілер. Емін-еркін әрі мол дас-тархан мәзірі. Осындай қонақжайлылықтан кейін адами құқықтарды алаңсыз пайдаланып, құрметті сезіндік. Осындай сәтке бой үйренген соң, әңгіме-дүкен құратын орта іздей бастадық. Сөйтіп, Бодрум қаласын қыдырыстап жүрген сәтте Германияның Мюнхен қаласында тұратын Әлихан Жаналтайды жұбайымен кездестірдік. Бір-бірімізге ерулік берісіп, ұзақ әңгімеге жол ашылды. Әлихан әріптес өздерінің бұл өлкеден қалай орын тепкені жөнінде әңгімеледі.

Сонау аумалы-төкпелі жылдарда біресе ашаршылық, біресе жұт жайлап, біресе ақтар мен қызылдар алма-кезек ауысып, халық кімнің дос, кімнің қас екенін біле алмай дағдарып, алмағайып өмір сүрген кездерде Әлиханның ата-бабасы Қытай асып, одан Пәкістан, Үн-дістанға бет алады. Барған жерлерінің бә-рінде бұларды ешкім қабылдауға ниет білдіре қоймайды. Аштық, суық, небір жолда кезде-скен апаттардан аман қалған азын-аулақ адам-дар енді Түркия мемлекетіне бағыт алады. Осы жерде ғана қазақтарға түбі бір түрік ағайындар қол ұшын береді. Азып-тозып келген адамдарға

қарындарын тойғызуға жәрдем етеді, баспана салуға жер береді, жұмысқа орналасуға көмек жасайды. Сөйтіп, тұрып қалған ағайындар осы күнге дейін түрік халқына алғыстарын білдіреді. Әрине, «жас өледі, жарлы байиды» ғой... Әлеуеттеніп алған қазақтар өздерінің өндіріс орындарын ашып, балаларына білім беріп, күнкөріс көзін жетілдіре бастайды. Әлихан болса балаларына еуропалық білім беру мақсатымен Мюнхенге қоныс аударады. Ол өлкелердің бір ерекшелігі – ауыс-түйіс жасап, көшіп-қонып жүре беруге мүмкіндік жасалған. Ата-аналары Стамбулда, саяжайы Бодрумда, үйі Мюнхенде дегендей. Бұл – ежелден тегіне тартып тұратын түркі ағайындардың тарихта, адамдардың санасында қалған бір ғана әрекеттерінің көрінісі.

Кейін қазақ елі тәуелсіздік алғалы бері сол тарихи байланыс тамыры тереңдей түсті. Экономикалық, саяси, тарихи, мәдени, әдеби тұрғыдан дами түскен қатынас елде жағымды пікір қалыптастырған. Халыққа және оның онды көзқараста болуы үшін алдымен оған жасалатын әлеуметтік жағдай екені белгілі. Түріктердің тауарларына деген сұраныстың халық ішінде арта түсуі де осыған дәлел. Мәдени байланыстар да күннен-күнге нығая бастағанына көз жетуде. Бұрындары ресейлік, оңтүстік корейлік фильмдерді тамашалайтындардың дені түріктің хикаяттарына бет бұрған. Олардың өздерінің салт-дәстүрлері, ұлттық ерекшеліктері, әдебиеті, мәдениеті қазіргі ақпараттық, саяси, экономикалық, мәдени батыстық экспансия жүріп жатқан уақытта өз орнын орынды тауып отыр. Тегі бір бауырлардан өткен ғасырда, Кеңес үкіметінің тұсында қол үзіп қалған кездер болған. Соның өзінде бауырластар түбі бір елдің өз азаттығын аларына сенген екен. «Қазақстан Тәуелсіздік алды!» деген ақпаратты электронды БАҚ-тан ести салысымен ең алғаш болып құттықтаған да Түркия мемлекеті болатын. Олардың бұл ерліктерін қалай мақтасақ та, қалай аспандатсақ та орынды.

Кеңестік саясаттың тізгінді тарта ұстағанының әсерінен біз түрік мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрімен кеңінен таныса алмадық. Соның өзінде Әзиз Несиннің бірлі-жарым шығармаларының уыттылығына риза болып, көңілдің түкпіріндегі бір наразылықтарды дөп басқандай болушы еді. Ақын Назым Хикметтің поэзиясын да шабыттанып оқыды ұлт өкілдері. Қазіргі кезде түрік қаламгерлерінің шығармаларын көптеп

аударуға бет ала бастағандаймыз. Соның бірі-Харум Токактың новеллаларын оқи отырып, рухани дағдарысқа ұшыраған Үміт атты қыздың тағдырына, Исмет есімді жігіттің махаббат хикаясына еріксіз емініп, жаның нұрға бөлейтін сезім құшағында қалады оқырман.

Түркия мемлекетінің әлеуметтік саясатында да қол жеткізіп отырған көптеген жетістіктері үлгі аларлықтай дәрежеде дамып отыр. Денсаулық саласының табысты реформалануы, оқу-ағарту ісінің жолға қойылуы, қымбатшылықтың алдын алуы сияқты әрекеттер Президент Абдолла Гүл мен Үкімет басшысы Режеп Тайып Ердоғанның ұтымды саясаты болғанымен, оған қолдау жасай білетін санасы жоғары халқы деп танымыз. Егер ел-жұрты қолдамаған болса ол басшылардың саясатын толыққанды жүзеге асыру мүмкін емес. «Бес саусақ бірдей емес» дегендей елдің ішінде де санасы таяз, білімсіз, тексіз пенделер бар. Олар бірлік саяси, тұрақтылық дегенді бұзуға, іріткі салуға, халықтың шырқын кетіруге, әрекет жасап бағады. Өзінің әлемдік шығармасы «Унесенные ветром» деген романды жазған Маргаретт Митчелл өз кейіпкері Рэт Батлердің аузына мынадай сөз салады: «Деньги делаются в двух условиях. Одно-при крушении государства, другое-при создании государства». Яғни кейбір қаржы үшін соғыс тілеген саясаткерлердің ықпалына түскен тобыр сондай әрекеттерге барады. Ойдан ой туындайды. Ливия мемлекеті Президенті Каддафидің тағдыры ойға оралады. Халқын 42 жыл уысында ұстағанымен, оларға жасаған еңбегі ерен екенін ести оқи отырып, елдің елдігіне сын болған әрекеттерден жан түршікті. «Семіздікті қой ғана көтереді» дегендей жағдайлары әбден жақсарған халық тобырлық әрекет көрсетті. Жаңа үйленгендерге 64 мың доллар көмек, жыл сайын әр отбасына мың доллардан жәрдемақы беріп, пәтерақы, энергия-газ, т.б. бәрін тегін етіп қойған басшының халқына сіңген еңбегі орасан ғой. Соның бәрін күлін көкке ұшырып, соны жасаған адамның кеудесіне аяғын салып шаттанған, денесін тулақша тартқылаған тобырды тәңірінің жазалайтыны ақиқат болар. Сондықтан да елге дұрыс басшылық жасап отырған адамға қолдау көрсету – тектіліктің, білімділіктің, тәрбиеліліктің нышаны. Түрік халқын сондай даналардың қатарынан көре алып отырғанымыз, соларға ұқсап бейбіт жолмен мемлекеттік ұстанымдарды қолдап отырғанымыз құптарлық жай.

Түрік мемлекетіндегі инфляцияның төмендеуі, дәрі-дәрмектің арзандауы, тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, лираның құнсыздануының тоқтауы (1 АҚШ доллары 2 миллион түрік лирасы болған сөйтіп, 1S-1 лира болады, киім-кешек, азық-түлік бағасының өсуі тоқтатылды), туризмнің дамуы, мәдени, рухани, имани көшке бет алуы сияқты көптеген жайлар орынды жолға қойылғаны жайлы БАҚ беттерінен ақпарат алып отырамыз. Осындай оңды өзгерістерге жол ашқан Түркия туризм саласын тиімді дамытып, жылына 25 млрд. доллар табыс тауып, осы саладан Еуропада 6-орын, әлемде 15-орынды иеленгендері де болашақтарының жарқындығын айғақтамақ.

Әлемге танымал болған Ванга көріпкелдің «Адамдар бастарында үй, ауыздарында тамақ болса, дендерінің саулықтарынан басқа не ойлау керек. Ақылсыз болмаңдар, адамдар, өмірді қадірлендер! Жеті қат жер туласа тек адамшылықты, иманды, адамдар құтқарылмақ» дегені адамзаттың тірлігінің ең қымбат екендігін, қайталанбайтындығын айтып отыр деп түсінгеніміз жөн.

Біздің қазақ та – текті халық. Сол тектіліктің, парасаттылықтың арқасында саяси тұрақтылық сақталып, толеранттылық көрсетіп отыр халық. Қазақстанда түрік мектептерін ашып, достықты насихаттап жүрген азамат Хаяти Явудың сұхбатында [«Қазақ әдебиеті», № 49, 2011]: «Жергілікті халыққа, әсіресе қазақ халқына құрметіміз зор. Себебі қазақ халқы өте таза, адал ниетті, тіпті, қазақ халқы, қазақ бала-

сы менен де әлдеқайда таза. Өйткені қазақтың кең пейілділігі, жомарттылығы, болмыс табиғатындағы тазалығы әлем халықтарында кездесе бермейтін қасиет. Әйтпесе, халықтың өз бойында саф тазалығы болмаса 20 жылдың ішінде осындай жетістікке жетуі мүмкін бе? Оның үстіне басшысы пайым-парасаты терең, болашақты, келешекті болжай алатын көреген болса, ондай түзу ниетті халықтың болашағы зор. Егер қазақ сол кеңпейілділігінен ажырамаса, тазалығынан айырылмаса онда болашағы жарқын боларына сенемін. Біз ең алғаш келген күннен бастап қазақ халқы дастарқанын жайып, барын салып қарсы алады. Ешқандай танымайтын адамдар, бірақ өз бауырындай көрді» деген екен. Бұдан артық қандай баға керек?! Біздің ішіміздегі өзара келіспес дау жасап жүрген кейбір жайларға да олар назар аударыпты. Түркия Эгей университетінің профессоры Явуз Ақпынардың сұхбатында [«Жас Қазақ», № 14, 2011 ж.]: «Қазақстанда тіл проблемасы жоқ. Ең басты мәселе рухани азаттықта. Егер әр адам өзін қазақпын деп санаса ол қай тілде қолданыс жасағанымен байланысты емес. Көбінесе тіл мәселесін өздеріңіз ортаға қойып, оны үлкен даулы мәселеге айналдырасыздар. Бұл даурығатын мәселе емес. Қазақстанның болашағы алда», – депті. Міне, түбі бір ағайындар осылай ағынан жарылыпты. Яғни, «сырт көз – сыншы» бола тұра мұндай пікірлердің білдірілуі біздің бірігуіміздің, қоғамдық интеграцияға жол ашылуының көрінісі деп тануымыз керек.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамытуының басым бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы 2012, 27 қаңтар.
- 2 http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan_1339760819
- 3 Libman A.M. Modeli regionalnoi integratsii. – М.: Экономика, 2011. – 333 с.
- 4 Galagan A.I. Integratsionnye protsessy v oblasti obrazovaniya: analiz mirovykh tendentsii // Menedzhment v obrazovanii №4. – 2006. – 562 с.
- 5 Қазақ әдебиеті. – № 49. – 2011.
- 6 Жас Қазақ. – № 14. – 2011.

References

- 1 Qazaqstan Respublikasini Prezidenti N.A. Nazarbaevtin «Aleumettik – ekonomikalıy cangyrtyu – Qazaqstan damytuynyn basım bagyty», atty Qazaqstan halqyna joldauy . 2012, 27 qantar,
- 2 http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan_1339760819 .
- 3 Libman A.M. Modeli regionalnoi integratsii. – М.: Экономика, 2011. – 333. – С.97.
- 4 Galagan A.I. Integratsionnye protsessy v oblasti obrazovaniya: analiz mirovykh tendentsii // Menedzhment v obrazovanii. – №4, 2006. – 62 с.
- 5 Qazaq adebiyeti. – № 49. – 2011.
- 6 Jas Qazaq. – № 14. – 2011.